

Денсаулық сақтау технологияларын бағалау жөніндегі комитет

Мамберді Сұлтан
Ст19-003-02
7 сабақ

Комитет құрамы

- Комитеттердің құрамы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен бекітіледі. Қажет болған кезде комитеттердің жұмысына қатысу үшін дауыс беру құқығынсыз бейінді сарапшылар тартылады.
- Комитеттердің құрамына басшы, басшының орынбасары, мүшелері және хатшы кіреді. Комитеттердің басшылары Комиссияның құрамына кіреді.
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығымен бекітілген Министрлікке ведомстволық бағыныстағы ұйым Комитеттердің жұмыс органы болып табылады.

Комитет құрамы

- формулярлық комитет;
- медициналық көрсетілетін қызметтерді стандарттау және клиникалық хаттамаларды әзірлеу комитеті;
- медициналық технологияларды бағалау комитеті;
- аккредиттеу және медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын басқару комитеті;
- медициналық білім беруді жаңғырту және кадрлық ресурстарды дамыту комитеті.

Медициналық көрсетілетін қызметтерді стандарттау және клиникалық хаттамаларды әзірлеу жөніндегі комитеттің негізгі міндеттері мен функциялары:

- клиникалық хаттамаларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды дайындау;
- медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарын жетілдіру;
- дәлелді медицинаның негізінде денсаулық сақтауды стандарттауды дамыту және жетілдіру бойынша ұсыныстарды, сараптамалық бағалау мен медициналық қызметтердің сапасын бақылауды қарау;
- денсаулық сақтауды стандарттау құралдарын енгізу және тарату бойынша ұсынымдарды қарау және келісу;

Денсаулық сақтау саласындағы стандарттар:

- ұйымдастыру технологияларын;
медициналық қызметтер көрсетуді;
медициналық, дәрігерлік және фармацевтикалық
қызметті жүзеге асыру процесінде
пайдаланылатын технологияларды;
дәрілік заттарды және медициналық
бұйымдарды өндруді, сатудың шарттарын
олардың сапасын;
медицина және фармацевтика
қызметкерлерінің біліктілігін;
есепке алу-есеп беру құжаттамасын қамтиды.
Денсаулық сақтау стандарттары денсаулық
сақтау ұйымдары және жеке медициналық іс-
тәжірибемен айналысатын жеке тұлғалар үшін
міндетті болып табылады.

ереже

- Денсаулық сақтау саласындағы жекелеген стандарттардың сақталуын бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.
Денсаулық сақтау субъектілерінің денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын бұзу фактілерін анықтау, тыю және жою денсаулық сақтау саласындағы стандарттардың сақталуын бақылаудың негізгі міндеттері болып табылады.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ОҢАЛТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ ҚАҒИДАЛАРЫ

- Осы Диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістерін қолдану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдарында отандық және шетелдік зерттеушілердің медициналық технологиялар, оның ішінде Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттар бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін және инновациялық әзірлемелерін енгізумен және қолданумен байланысты қатынастарды реттеу мақсатында «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әзірленген.
Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының барлық денсаулық сақтау субъектілеріне қолданылады.

-
- Пайдаланылған әдебиеттер:
 - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14000095>
- 38

Назарларыңызға рахмет!